



Бағыты:

Қожаберген жыраудың әдеби-тарихи мұрасы



Тақырыбы: Қожаберген жыраудың
әдеби –тарихи мұрасын жас ұрпақ бойына сіңіру



Шауенова Алтын Балгановна

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Ұстаздардың ұстазы- Қожаберген

Тарихи батыр тұлғаларымыз бен билеріміз:

Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Баян,
Сырым, Есет, Едіге, Малайсары т.б. ақынды үлгі тұтқан.
Ұрпаққа терең сөз қалдырған Сегіз серінің де бабаларының бірі.

Әдебиет деген ұғым қалыптаспай, жазу, сызу дамымаған тұста
ауыз әдебиетінің өкілі болып, Жеми, Низами, Науаи, Фузули,
Фирдауси, Сағди, Рудаки тәрізді шығыс жұлдыздарының
шығармаларынан нәр алып,
Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири, Рашид ад-Дин
тәрізді білімділердің еңбегімен сусынын қандырған



Өнерге жас шағымнан құштар болғам,
Самархан, Бұхарадан білім алғам.
Атанып үздік шәкірт қатарында
Ең үлкен медресесін тәмамдағам, –



«Қарағым, болашақ үлкен хансың. Саған берер ақылым: Заман – түлкі, пенде қыран...
Бас уәзір боп ел билігі қолыңа тиген екен, әрі ханның міндетін атқарып жүр екенсің, көреген бол,
шырағым. Ақылың мен ерлігің, айла-әдісің қатар жүрсін...», – **Сегіз серінің дерегінен**



Шаңқобызын Қожа-екең, Жосаменен сырлаған.
Елім-айдай қиссасын, Қан майданда жырлаған...
... «Ер Көкше» мен «Ер Қосай», Ұстазымның жыры еді.
Қозғағаны сардардың, Халайықтың мұңы еді...

Көтеш ақын
«Жиен жырау»
дастаны

Ақылдасып үш бимен, Жеті Жарғыны» жазған ер.
Кім десейсіз ол бекті, Қожаберген кемеңгер –

«Үш жүзде болса да олар басты кісі,
Қазыбек, Төле, Әйтеке менен кіші.
Соларға жол көрсеткен ұстаз едім,
Сардар деп құрметтеген үлкен-кіші», – **Қожаберген**

Қожаберген жыраудың әдеби –тарихи мұрасын жас ұрпақ бойына сіңіру

**Жыраулар тақырыбында сөз болатын
зар заманды**

Елім-ай»

Бұл заман болды елге қиын заман,
Шіріткен талай елдің миын заман.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қағынды қазақ үшін биыл заман, –
**деп суреттесе, замана, хан-сұлтандардың
алауыздығын**

Қыз алып, қалмақтармен
құда болып,
Опасыз қожа, сұлтан жұртты сатты...

**Ақынның әдебиет өкілі екенінің
тағы бір дәлелі:** философияны,
сол кезеңдегі тарихты, барлық
тарихи тұлғаларды, елдің
экономикалық жағдайын, халқын,
байлығын, сауда-саттығын, басқа
елдермен қарым-қатынасы,
мемлекет туралы, өнеркәсіп т.б.
сөз етеді, қамтиды. Қара сөзбен
емес, оюлы сөз өрнегімен
жеткізеді.

Өнерге құлаш ұрып бала жастан,
Тарихын бұл үш жүздің етіп дастан.
Баласы Толыбайсыншы Қожаберген,
Бой ұрған ерлік іске әуел бастан.

*Әрі ақын, әрі шежіреші, әдебиеттің
үлкен өкілі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы*

Ертеде Қыпшақта өткен Ер Қойлыбай,
Қолына жүрмейді екен қобыз алмай.
Болған соң сол асылдан бізге мирас,
Қобызды мен де жүрмін тастай алмай.
Тұсында сол Қойлыбай әулие екен,
Аруақты әрі дана, киелі екен.
Санасқан оныменен хандар, билер,
Атқарған істері оның жүйелі екен...

Мағжан Жұмабаевтың қаламынан
өрілген, мистикалық аңыз-әңгіме
негізінде жазылған поэмасы
«Қойлыбайдың қобызы».

«Қолбасы, ақын, жырау һәм елші-би,
Шығарған «Елім-айдай» тамаша күй.
«Елім-ай» әні менен жырын тағы,
Шығарған Қожаберген бабаңды
сүй», - деп бекер үндеу тастамаған...

«Пайғамбар жасындай ғұмырым
майданда өтті, Орта жас ол да мені
тастап кетті. Сақал мұрт, шашымды ақ
көбік жауып, Кәрілік Қожакеңе келіп
жетті...»

«Рухани жаңғыру бүгіннен бастау
алған жоқ. Сонымен бірге, рухани
жаңғыру ұлттық сананың түрлі
полюстерін қиыннан қиыстырып,
жарастыра алатын күдіретімен
маңызды. Бұл – тарлан тарихтың,

«Құрбыма»
Толыбайсыншы баласы Қожаберген,
Тарихынан Оғыз түрік хабар берген.
Үмбетей, Бұхар жырау, Тәттіқара,
Үшеуі Қожа-екеңнен үлгі көрген.

Сұлтанмахмұт Торайғыров